

ЖШС "Гүл-Гүл" бөбекжай бақшасы"
Өндірістік жиналыс
хаттамасы №1

Күні: 10 қазан 2024 жыл

Өндірістік жиналыстың өтілген орны: ЖШС "Гүл-Гүл" бөбекжай бақшасы

Жиналыс меңгерушісі: С.Арынова - меңгеруші

Жиналыс әдіскері: Ж.Ділдәбек

Күн тәртібі:

1. Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы.
2. Бөбекжай бақшадағы балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге бақылауды қамтамасыз ету, балалардың балабақшаға қатысу деңгейі
3. Ішкі еңбек тәртібінің сақталу ережелері
4. Қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру
5. Жедел бақылау: «Балалардың дербес әрекетін бақылау қорытындысы»
6. Жалпы бақылау: Серуен кезін бақылау қорытындысы
7. Жалпы бақылау: Ғимараттар мен қосалқы ғимараттарды қысқы жұмысқа дайындауды бақылау қорытындысы
8. Ағымдағы мәселелер

I ТЫҢДАЛДЫ: Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы.

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай бақша Медбикесі сөз алды. Біздің бөбекжай бақша қызметінің жетекші бағыттарының бірі мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және нығайту болып табылады. Балабақшада балалардың денсаулығын нығайтуға және сақтауға ықпал ететін қажетті денсаулықты сақтайтын білім беру кеңістігі құрылды. Әр баланың денсаулық жағдайына үнемі мониторинг жүргізіледі.

Бөбекжай бақшада балалармен жұмыс істейтін 12 педагог 11 техперсонал қызметкер бар. Қызметкерлердің барлығы жаңа оқу жылына орай медициналық тексерістен өтті, - деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Балалардың физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту жағдайы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: Бөбекжай бақшадағы балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге бақылауды қамтамасыз ету, балалардың балабақшаға қатысу деңгейі

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші С.Арынова сөз алды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы Мектепке дейінгі білім

беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы № 254 бұйрығы негізінде балабақшаға 35 бала қабылданды. Қабылданған балалардың барлығының құжаттары, ата-аналармен келісім шарт жасалып, жинақталды. Қазіргі күнде бөбекжай бақшада 115 тәрбиеленуші бар.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі мекемелерге "Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын білім беру ұйымдары типтерінің және түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 503 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 260 бұйрығы аясында балабақшаларды бала санына қарап қаржыландырады. Сондықтан балалардың балабақшаға күнделікті келуін қадағалап отырыңыздар. Бала бір күн себепсіз балабақшаны босатуға болмайды, дер кезінде ата-анамен хабарласып, жағдайды біліп отырыңыздар,- деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: балалардың бөбекжай бақшаға қатысу деңгейі
Фейсайдиге түсуін ,қатаң бақылауға алынсын.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ: Ішкі еңбек тәртібінің сақталу ережелері

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші С.Арынова бөбекжай бақшаның ішкі тәртіп ережелерін сақтау балабақшада жұмыс тыныштығын қамтамасыз етеді және тәрбиеленушілердің ата-аналары (занды өкілдері) мен мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері арасындағы бірлескен жұмысты көздейді. Бөбекжай бақша жұмыс уақыты 08.00-дан басталады. Бөбекжай бақшаға уақытында келу, тәрбие-білім беру үдерісін дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық ұжымның басты міндеті. Тәрбиешілер баланы кім алып келіп, алып кететінін білуі тиіс. Ата-аналар бұл тізімді жазбаша түрде ұсынуға міндетті (паспорттық деректер және осы тұлғалардың байланыс телефондары). Әйтпесе, тәрбиешілерге баланы ата-анасынан басқа бөтен қолға беруге тиым салынған. Тәрбиешілерге балаларды мас күйдегі адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, бейтаныс адамдарға беруге қатаң тыйым салынады. Әрбір қызметкер жұмыс уақытын ескеріп, ішкі тәртіп ережелеріне бағыну керек. Тәртіп бар жерде, жұмыс та, тазалық та, сыйластық та болады,- деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Ішкі еңбек тәртіп ережесі қатаң сақталсын.

ІV ТЫҢДАЛДЫ: Қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші С.Арынова педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығы негізінде қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндеттерімен танысып, қол қойдырылып алынды. Осы Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарының меншігіне, ведомстволық бағыныстылығы мен ұйымдастыру-құқық нысанына қарамастан олардың қолдануы үшін міндетті.

Педагогикалық және медициналық қызметкерлермен тәрбиелік білім беру және сауықтыру жұмыстармен қамтамасыз ету бойынша өзара қызмет атқарады. Сол сияқты, барлық қызметкерлердің өз міндеттері бар. Қазақ халқында «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген ұлы сөз бар. Осы міндеттер аясында балаларға білім мен тәрбие беруде ауызбіршілікпен, ынтымақтаса отырып жұмыс жасауымыз керек,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Жұмыс барысында қызметкерлердің лауазымдық міндеттері басшылыққа алынсын.

V ТЫҢДАЛДЫ: «Балалардың дербес әрекеті: баяу қимылды; үстел үсті ойындары; бейнелеу іс әрекеті; кітаптарды қарау» бойынша жедел бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай бақша әдіскері Ж.Ділдәбек балалардың дербес әрекетіне баяу қимылды; үстел үсті ойындары; бейнелеу іс әрекеті; кітаптарды қарау бойынша жедел бақылау жүргізілді. Жедел бақылау кезеңінде мыналар анықталды. Тәрбиешілер бірлескен іс-әрекетте балалармен жеке, топтық жұмыс түрлерін қолданады.

«Балдырған» ортаңғы тобында күннің екінші жартысында тәрбиешілер балалармен "Желдің қасиеттері", "Қоныс аударатын құстар", "Неге адам құстарға қамқорлық жасауы керек?"; әңгімелерін өткізіп, қимылды ойындар, дидактикалық ойындар өткізді. Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес ертегілер мен әңгімелердің мнемокестелері бойынша әңгімелер жүргізді. Сонымен бірге негізгі қимылдарды орындаудағы ұзындыққа секіру, бағытты өзгерту арқылы жүру жаттығуларын жасатты. Балалар асханада кезекшілікте болды, гүлдерді суарып, жуды, балабақша ауласындағы құрғақ бұтақтарды жинады.

Күннің екінші жартысында «Бәйтерек» ересек тобында тәрбиешілер балаларға Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық», «Шие» әңгімелерін оқыды. Асханада, табиғат бұрышында, ұйымдастырылған іс-әрекет барысында кезекшілік ұйымдастырылды. Балалар ойыншықтарды жуып, гүлдерді суарып, жуды, «Карусель», «Қаздар-аққулар» қимылды ойындарына белсенді қатысты.

Қорытындылай келе, күннің екінші жартысында барлық топтарда бірлескен және дербес іс-әрекетті ұйымдастыру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес келеді. Бөбекжайдағы сюжетті-рөлдік ойын - бұл ең тартымды, сұранысқа ие және еркін әрекет. Рөлдік ойындар тәуелсіз, ұзақ, қызықты, шығармашылық, заманауи болуы үшін тәрбиешіге балалармен ойнау, арнайы ойын позициясын иелену маңызды. Әр түрлі жастағы балалармен сюжетті-рөлдік ойынды өткізу технологиясын білу қажет,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Балалардың дербес әрекеті бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

VI ТЫҢДАЛДЫ: «Серуен кезін бақылау» бойынша жалпы бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай бақша әдіскері сөз алды. Серуен кезіндегі іс-әрекеттің орындалу барысына бақылау жүргізілді. комиссия күн тәртібінің сақталуын, серуендеуге дайындықты ұйымдастыруды және топқа оралуды, серуендеу кезінде балалардың мәдени - гигиеналық дағдыларын тәрбиелеуді байқады; серуендеуге, сондай-ақ балаларды сауықтыру шараларына қатысты. Бақылау барысында мыналар анықталды:

Барлық тәрбиешілер серуендеуді жоспарлауға баса назар аударады. Циклограммада балалардың серуендеудегі барлық әрекеттері көрсетілген. Барлық топтарда табиғатта серуендеу және бақылау картотекалары бар. Серуендеу режимін педагогтар әр жас тобының күн режиміне, СанПиНге және ауа райы жағдайларына сәйкес сақтайды және жүзеге асырады, - деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Серуенді ұйымдастыру жүйелі жүргізілсін.

VII ТЫҢДАЛДЫ: Қысқы дайындық жұмыстарының деңгейін анықтау бойынша жалпы бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші С.Арынова қазан айында балабақшаның қысқы дайындық жұмыстарының деңгейін анықтау бойынша жалпы бақылау жүргізілгенін, нәтижесінде балабақша 100% дайын екенін айтты.

VIII ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші С.Арынова әрбір қызметкер балабақшадағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға белсене қатысуы жөнінде және қараша айында өтетін жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

ШЕШІМ:

1. Балалардың балабақшаға қатысу деңгейі қатаң бақылауға алынсын.
2. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне сәйкес жұмысы бақылауға алынсын.
4. Бақылау қорытындылары бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Жиналыс меңгерушісі:



С.Арынова

Жиналыс әдіскері:



Ж.Ділдебек

ЖШС "Гүл-Гүл" бөбекжай бақшасы"

Өндірістік жиналыс

хаттамасы №2

Күні: 16 қаңтар 2025 жыл

Өндірістік жиналыстың өтілген орны: ЖШС «Гүл-Гүл» бөбекжай бақшасы»

Жиналыс төрайымы: С.Арынова– меңгеруші.

Жиналыс әдіскері: Ж.Ділдәбек- әдіскер

Күн тәртібі:

1. №1 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.
2. Жедел бақылау қорытындысы «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: Математика негіздері»
3. Жалпы бақылау қорытындысы: Күннің екінші жартысындағы күн тәртібі ережелерін өткізуді ұйымдастыру.
4. Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңдерді өткізу бойынша салыстырмалы бақылау қорытындысы.
5. Ағымдағы мәселелер.

I ТЫНДАЛДЫ: №1 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай бақша меңгерушісі С.Арынова 2024-2025 оқу жылындағы міндетті бес бағыт бойынша жұмыс жоспарлары жасалынып, орындалуы өз тарапынан бақылауға алынғанын. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне сәйкес жұмысы бақылауға алынған, топтардағы заттық-дамытушы орта толықтырылып, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жабдықталғанын айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: өткен өндірістік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫНДАЛДЫ: «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: Математика негіздері» жедел бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ділдәбек сөз алды. Барлық топтардағы «Математика негіздері бойынша танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» тақырыбында жедел бақылау өтті. Ұйымдастырылған іс-әрекетті қарау балалардағы даму деңгейін зерттеу және тәрбиешілердің қарапайым математикалық идеяларды қалыптастыру және дамыту бойынша кәсіби дағдыларын бағалау мақсатында жоспарланған. Ұйымдастырылған іс-әрекетті қарау барысында тәрбиешілердің мемлекеттік білім беру стандарттарының принциптерін қолдану қабілетіне көп көңіл бөлінгені: мектепке дейінгі білім берудің даралануы мен жасына сәйкестігі, сондай-ақ ересектердің балалардың бір - біріне жағымды, мейірімді қарым-қатынасын және балалардың бір-бірімен өзара әрекеттесуін қолдау, балалардың бастамасы мен тәуелсіздігін

қолдау сияқты психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау, олар үшін әр түрлі іс-шаралар жүргізілгені қаралды.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында қарапайым математикалық түсініктерді дамытудың нақты жүйесі құрылған, тәрбиешілер қазіргі заманғы талаптарға сәйкес математика негіздері бойынша балалармен жұмыс жасауда жеткілікті құзыреттілікке ие.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:Танымдық дағдыларды дамыту бойынша жедел бақылау қорытындысы қанағаттанарлық.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ: «Күннің екінші жартысындағы күн тәртібі ережелерін өткізуді ұйымдастыру» жедел бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ділдәбек бөбекжай бақшаның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес қаңтар айында Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асырудың талаптарына сәйкес мекеме топтарында режимдік сәттерді ұйымдастыру және өткізу бойынша алдын алу жедел бақылау іс-шаралары өткізілді. Бақылаудың мақсаты санитарлық ережелер мен нормативтердің талаптарына, негізгі білім беру бағдарламасының мазмұнына, үлгілік оқу бағдарламаларын іске асыруға сәйкес режимдік сәттерді, ұйымдастырылған іс-әрекетті ұйымдастыруда және өткізуде педагогтерге әдістемелік көмек көрсету болатын.Тәрбиешілер күн тәртібіне қанағаттанарлық түрде құрды, әр түрлі іс - әрекеттерді ақылға қонымды түрде ауыстырып, режимдік сәттердің тәрбиешілерімен байланыста жұмыс істеуге тырысады; күн сайын жұмыс жоспарлары бойынша әңгімелер өткізеді; балалармен таза ауада үнемі серуендейді. Ескертулер жоқ.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:«Күннің екінші жартысындағы күн тәртібі ережелерін өткізуді ұйымдастыру» жедел бақылау қорытындысы қанағаттанарлық

ІV ТЫҢДАЛДЫ: Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңдерді өткізу бойынша салыстырмалы бақылау қорытындысы.

СӨЙЛЕДІ: Сөз алды меңгеруші С.Арынова күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңдерді өткізу бойынша салыстырмалы бақылау жүргізілгенін, «Балауса» ересек тобының тәрбиешілері Жарғыға сәйкес Педагогикалық қызметті жүзеге асыратынын айтты. Тәрбие-білім беру жұмысы Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрылған, тәрбиеленушілердің контингенті, олардың жас және жеке ерекшеліктері ескерілген. Тәрбиешілер топтың құжаттамасын жүргізеді, онда тәрбие-білім беру процесінің негізгі блоктары көрсетіледі.

Барлық топтардағы тәрбие - білім беру жұмысын жоспарлау мемлекеттік білім беру стандартының негізінде жасалады, білім беру қызметінің нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиеші А.Султанова ұйымдастырылған іс-әрекеттерін балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрды, балалар тақырыпқа сәйкес мақал-мәтелдерді үйренді. Қаралған ұйымдастырылған іс-әрекеттерді талдай отырып, балалардың мәлімделген тақырып бойынша белгілі бір білімі бар

екенін атап өтуге болады. Тәрбиешілер қойылған мақсатқа жету үшін балаларды ұйымдастырудың әртүрлі формалары мен әдістерін қолданды.

Қорытынды: жүргізілген салыстырмалы бақылау бөбекжай бақшада адамгершілік туралы идеяларды дамыту бойынша тәрбие-білім беру жұмысының тиімділігін көрсетті. Осы бағыт бойынша жұмыс істеу үшін жағдайлар жасалған ересек мектеп жасына дейінгі балалар қазақ халқының тарихы мен мәдениеті туралы идеяларды жеткілікті деңгейде меңгерген, бірақ педагогтар балаларда дамуға толық көлемде ықпал етпейді, әлем халықтарының мәдениетіне қызығушылық танытпайды. Ересек топтарда тәрбиешілер театр ойындарына жеткілікті көңіл бөлмейді.

V ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші С.Арынова әрбір қызметкер балабақшадағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға белсене қатысуы жөнінде және ақпан-наурыз айындағы жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

ШЕШІМ:

1. Күн тәртібін сақтау жұмыстарын бақылауға алу жалғастырылсын.
2. Күннің екінші жартысындағы күн тәртібі ережелерін өткізуді ұйымдастыру жұмыстары бақылауға алынсын.
3. Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңдерді өткізілу бойынша жұмысы бақылауға алынсын.

Жиналыс меңгеруші:

Жиналыс әдіскері:



С.Арынова

Ж.Ділдебек

ЖШС "Гүл-Гүл" бөбекжай бақшасы"

Өндірістік жиналыс

хаттамасы №3

Күні: 10 сәуір 2025 жыл

Өндірістік жиналыстың өтілген орны: ЖШС «Гүл-Гүл» бөбекжай бақшасы»

Жиналыс төрайымы: С.Арынова – меңгеруші.

Жиналыс хатшысы: Ж.Ділдәбек- әдіскер

Күн тәртібі:

1. №2 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы
2. Бөбекжай бақша мен мектеп сабақтастығының бірізділігі
3. Мектепалды тобы тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы деңгейі
4. Жедел бақылау қорытындысы. «Шынықтыру рәсімдерін өткізу. Тазалық жағдайы. Желдету тәртібінің орындалуы»
5. Ағымдағы мәселелер.

I ТЫНДАЛДЫ: №2 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай бақша меңгерушісі С.Арынова күн тәртібін сақтау, күннің бірінші және екінші жартысындағы күн тәртібі ережелерін өткізуді ұйымдастыру жұмыстары бақылауға алынып, ұйымдастырылған жұмыстар жүргізілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: өткен өндірістік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫНДАЛДЫ: Балабақша мен мектеп сабақтастығының бірізділігі

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ділдәбек сөйледі. Болашақ мектеп оқушыларының ата-аналарымен жұмыс балаларды мектепке дайындау мәселелері бойынша ата-аналарды ағартуға бағытталған. Әсіресе, ата-аналар үшін біз «Жақында мектепке» стенд жасаймыз, онда олар пайдалы ақпарат таба алады. «Болашақ оқушының күн тәртібі», «Балалар өз өмірлерінде көргендерін үйренеді» тақырыптарында кеңестер, «Мектепке келу - бұл балалар өміріндегі маңызды оқиға» жылжымалы папка, «Сіздің отбасыңыз баланың мектепке баруына дайын ба?» сауалнамасы өткіземіз. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ересек тобы түлектерінің ата-аналарымен кездесуі, онда болашақ мектеп оқушыларының ата-аналары баланың мектепке барар алдында не білуі және не істей алатындығы, мектеп керек-жарақтары қандай болуы керек екендігі туралы танысады, -деп жыл бойы жүргізілген жұмыстарға тоқталып өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Бөбекжай бақша мен мектеп арасындағы жұмыс қанағаттанарлық

III ТЫҢДАЛДЫ: Ересек топ тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы деңгейі

СӨЙЛЕДІ: «Балауса» ересек тобының тәрбиешісі Г.Базарбаева Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарын ескере отырып, мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жұмыс істедік. Топта 25 бала бар. Осы 5 жаста қоғамдық бағалаумен байланысты қызмет салаларында өзін-өзі растауға деген ұмтылыс артады. Бірте-бірте баланың өзінің «Мен» туралы білуі және осы негізде мектеп жасына дейін ішкі ұстанымдардың қалыптасуы жаңа ұмтылыстар мен қажеттіліктердің пайда болуына әкеледі. Бұл баланың мектепке дейінгі кезеңдегі негізгі іс-әрекеті болған ойынның осы сападағы орнын біртіндеп тапсырып, оны толығымен қанағаттандыра алмауының себебі болып табылады. Кәдімгі өмір салтының шеңберінен шығу және әлеуметтік маңызды іс-шараларға қатысу қажеттілігі артып келеді, яғни мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық және жеке өсуінің маңызды нәтижелері мен сипаттамаларының бірі болып табылатын «оқушы позициясы» деп аталатын басқа әлеуметтік ұстаным қабылданады, - деп жалпы жыл бойы жүргізілген жұмыстарға тоқталып өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Ересек тобының тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы деңгейі қанағаттанарлық.

VI ТЫҢДАЛДЫ: Жедел бақылау қорытындысы. «Шынықтыру рәсімдерін өткізу. Тазалық жағдайы. Желдету тәртібінің орындалуы»

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ділдәбек сөз алды. 2025-2026 жылдарға арналған жылдық жоспардың міндеттерін орындау мақсатында 2025 жылдың 09.04-10.04 аралығында жедел бақылау жүргізілді. Тексеру барысында шынығудың негізгі құралдары ретінде су, ауа, «денсаулық жолдары» қолданылатыны, бетінді, қолынды салқын сумен жуу туралы жұмыстар жүргізілетіні анықталды. Барлық жас топтарында балалардың киімдері топтағы ауа температурасына сәйкес келеді (жеңіл киімдегі балалар). Ауаның балғындығына тәрбиеші немесе тәрбиешінің көмекшісі балалар болмаған кезде өткізетін желдету арқылы қол жеткізіледі: таңертең балалар келгенге дейін, балалар серуеннен келгенге дейін, күндізгі ұйқы кезінде, кешке балалар үйге кеткеннен кейін. Температуралық режимді бақылау үшін барлық топтарда термометрлер бар. Балалар күндізгі ұйқыдан кейін өтетін "Денсаулық жолдары" оларға тығын, түймелер, таяқшалар тігілген кілемшелермен ұсынылған. Шынықтыру іс-шаралары тәрбие - білім беру жұмысының негізін құрайды, оның мақсаты-сырқаттанушылықты азайту және тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту керек. Тәрбиешілерге шынықтыру іс-шаралары кезінде балаларды мұқият қадағалауды жүзеге асыру, шынығудың пайдасы туралы шағын әңгімелер ұйымдастыру (ересек топтар), - деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Жедел бақылау қорытындысы қанағаттанарлық.

VII ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші С.Арынова әрбір қызметкерлер балабақшадағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға белсене қатысуы жөнінде және алдағы айларда болатын жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

ШЕШІМ:

1. Бөбекжай бақша мен мектеп арасындағы сабақтастық жұмыстары қанағаттанарлық.
2. Шынықтыру рәсімдерін өткізу деңгейінің жұмысы күшейтілсін.

Жиналыс меңгерушісі:



С.Арынова

Жиналыс әдіскері:



Ж.Ділдәбек